

**№1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы бойынша
педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысының хаттамасы**

Күні: 29.08.2025 ж.

Қатысқандар: _7 адам

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.Педагогикалық әдеп кеңесінің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысы туралы есепті тыңдау.

2.Кеңес мүшелерімен бірге ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 ж. №190 «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығының негізгі ережелерін зерделеу.

ТЫНДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Минбаева 2024–2025 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы есеп берді.

•Кеңестің жұмысы педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, этикалық мәселелерді талдау және профилактикалық іс-шаралар ұйымдастыруға бағытталған.

•Кеңес отырыстарының жүйелі түрде өткізілгені және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы мәлімет берілді.

2-мәселе бойынша: Шағанова Н кеңес мүшелері ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 ж. №190 бұйрығының негізгі ережелерін талқылады.

•Бұйрықта педагогтің кәсіби әдебі, қызметтік міндеттерін адал орындау, білім алушылардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу, әріптестермен өзара сыйластық қағидалары көрсетілген.

•Кеңес мүшелері бұйрық талаптарын ұжымда тұрақты түрде сақтау қажеттігін атап өтті және төмендегідей 2025–2026 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы ұсынылып, талқыланды.

Кеңес төрайымы:

1.Минбаева Р.Р

Комиссия мүшелері:

2.Сурбаева Л.А- АПТК логопеді.

3.Чекерес Г.А-№2 ОМ бастауыш сынып педагогі

4.Нурғалиева Г.А-№1 мектеп-бақашының тәрбиешісі

5.Ержанова Л.Т-№4 ОМ бастауыш кәсіподақ ұйымының мүшесі

6.Аметов Д.Д-№1 мектеп-бақшасының тарих пәні мұғалімі

7.Шағанова Н-№4 «Балбөбек» балабақшасының меңгерушісі

8.Г.Жұмағалиева-№1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасының әдіскері

ҚАУЛЫ:

1.Педагогикалық әдеп кеңесінің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2.ҚР БҒМ-нің 11.05.2020 ж. №190 бұйрығының талаптары педагогтер тарапынан қатаң сақталсын.

3.Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін.

4.Кенес мүшелерінің құрамы бекітілсін.

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы:  Минбаева Р.Р

Хатшы:  Г.Т.Жұмағалиева